ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылдың 10 тамызы № 3514-23-00-2/3423 Қарағанды қаласы

Қарағанды облыстық ауданаралық мамандырылған экономикалық сотының судьясы Т.К.Елеуов азаматтық іс бойынша талап арын қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Приозерск қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«КАРАДУ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айбын өндірту

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы АПК-нің 147 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап арыз қанағаттандырылсын.

«КАРАДУ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БИН/ИИН 110240005822) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«КАРАДУ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен Приозерск қаласының бюджет есебіне 9 826 (тоғыз мың сегіз жүз жиырма алты) теңге тұрақсыздық айбының сомасы және жергілікті бюджет есебіне 2 020 (екі мың жиырма) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья: **Елеуов Т.К.**

Құжатқа қол қойылған: Елеуов Т. К., 10.08.2023

3514-23-3-1/3691